

күрделі сөздер. Мысалы: ат ұстар, ат шабар. б) сөз тіркестері. Мысалы: босаға аттау, шұбар төс, үйіріңе үш тоғыз.

2.Ескі түркі тілдеріне тән көнерген сөздер. Мысалы: будун, ұлыс, ұлық, жорақ, бек, одақ, мырза.

3.Араб, иран тілінен кіріп көнерген сөздер. Мысалы: жаназа, зікір, дуа, дозақ т.б.

4.Орыс тілінен еніп, көнерген сөздер: синдикат, әсер т.б.

5.Көнерген сөздердің күрделі түрлері де кездеседі. Мұнда күрделі сөздің бір компоненті байырғы қазақ сөзі болады да, екінші компоненті ауысып келген сөз болады. Мысалы: шар айна, шармықты, берік деген қазақ сөзі. Ал, айна-иран тілінен енген сөз.

Неологизмдер.

Неологизмдер деп, тілде жаңа ұғымдарды білдіретін тың сөздерді атайды. Неологизм сөздер жаңадан танылған құбылыстарды, жаңадан пайда болған зат атауын және жаңа ұғымды білдіретін сөздер болып табылады. Мысалы: сын, өзара сын, баспасөз, басқарма т.б. сөздер жалпы халықтық сипат алып, сөздік құрамға еніп кетті. Қазіргі өзіміз қолданып жүрген теледидар, тоңызатқыш, шаңсорғыш, балмұздақ, сая жай, оқырман, көрермен сөздер тілде әлі толық кірікпеген, жаңа қолданыстағы сөздер. Тілде не қалыптасып кетеді немесе тілден орын таппай қолданудан шығып қалады. Мұндай сөздер историзмге айналады. Мысалы: ұя-ячейка, қосшы ұйымы, өзара салық т.б. Жаңа сөздер тілдің ішкі сөз тудыру заңынан пайда болады. Қазақ тіліндегі неологизмдер төмендегі жолдармен жасалады. Неологизмдердің жасалу жолдары, белгілі бір тілдің ішкі заңымен байланысты. Сондықтан да қазақ тіліндегі неологизмдер қазақ тілінің ішкі заңдарына сәйкес жасалады.

1.Сөз мағыналарының жаңаруы арқылы неологизм сөздер жасалады. Төңкерістен кейін көптеген сөздер жаңа мағынаға ие болды. Олардың бұрынғы мағыналары жаңа ұғыммен үндесіп, жаңа тенденциямен үндесіп, шектесіп отырады. Мысалы: Талқылау сөзі бұрын иленген қайысты жұмсату мағынасында қолданылса, қазір мәселені талқылау мағынасында қолданылады. Сондай-ақ бай сөзі бұрын үстем тап өкілі ретінде қолданылса, қазір бай-молшылық кепілі ретінде жұмсалады.

2.Аффикстік тәсіл арқылы неологизмдер жасалады:

1)-шы, -ші; тілші, суретші, оқытушы т.б.

2)-шыл, -шіл; қоғамшыл, ұйымшыл т.б.

3)...

Қазақ тілі лексикасының зерттеу объектісі мен салалары.

Сабак жоспары:

1. Қазіргі қазақ тілі лексикалогиясы курсының зерттеу объектісі мен міндеттері.
2. Қазақ тілі лексикалогиясының көлемі мен жіктелетін салалары.
3. Қазақ тілі лексикалогиясы курсының теориялық жақтан жете білудің қажеттілігі.

Әдебиеттер :

1. Ә. Болғанбаев Қазақ тілі лексикалогиясы. Алматы, «Рауан», 2000ж.
2. М. Оразов Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, «Рауан», 1998 ж.
3. Т. Айдаров Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Екінші басылуы. Алматы, 1996 ж.

Сұрақтар :

1. Лексика дегеннің мәнін қалай түсінесің ?
2. Ол қандай салалардан тұрады ?
3. Сөз дегеніміз не ?
4. Тілдердің морфологиялық белгілері ?

Қазақ тілі лексикалогиясы өзіне тиісті объектілерге ие.

Лексикология сөзі гректің Lexis (сөз) және logos (ілім) деген сөздерінен жасалған термин. Лексикология – тілдегі сөздердің құрамын зерттейтін сала. Сөз лексикологияда лексикалық единица ретінде қарастырылады. Лексикалық единицалардың жиынтығынан тілдің сөздік құрамы (лексикологиясы) құралады. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер қаншама көп және алуан түрлі болғанмен, олар бірімен-бірі байланысады, өзара шарттас элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді. Қазақ тілі лексикологиясы қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамын, оның дамып, баю жолдарын, фразеологияны, олардың түрлерін зерттейді.

Сонымен бірге сөздердің актив және пассив топтарын, олардың экспрессивті стилистикалық қасиетін, қолдану шеңберін қарастырады. Қазақ тілі лексикологиясы өзінің зерттеу объектісіне қарай және теориялық ұғымдардың жүйеленуіне қарай, негізінен үлкен екі салаға бөлінеді:

1. Жалпы лексикология.
2. Жеке немесе жалқы лексикология.

Жалпы лексикология тілдегі сөздердің негізгі мағыналарын, жалпы

лексикалық ұғымдарын, заңдарын және оның теориялық байымдауларын зерттейді. Жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстар мен жалпылама заңдылықтар мен ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылса, лексикалық құбылыстар мен жалпы заңды-лықтардың жеке, нақтылы тілдердің лексиканы икемдеп көрініс табуы және әрбір тілдің құрамы мен оның дамуы, өзіндік ерекшеліктері жалқы лексикологияда қарастырылады. Жеке лексикология жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де, нақты бір тілдің лексикасын зерттейді. Жеке лексикология белгілі бір тілдің сөздік құрамын, шығуы мен тарихын даму тұлғасынан немесе тілдің сөздік құрамын белгілі бір дәуірдегі қалпы тұрғысынан қарастырады. Сондай-ақ лексикология өзінің даму тарихына қарай екі сала бөлінеді:

1.Тарихи лексикология.

2.Сипаттама лексикология.

Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы, шығуы, замандар бойында қалыптасуы және дамуы, лексиканы құрастырушы арналар тарихы тұрғыдан зерттеледі. Сипаттама лексикологияда мәселен: қазақ тілі лексикологиясында оның осы заманғы қалпы, сөздің мағыналық құрылымы, лексиканы құрастырушы арналар мен қат-қабаттар, сөздердің активті және пассивті топтары сөздік құрамының даму жолдары, лексиканың силистикалық жақтан іздестірілуі, сөз мағыналарының топтастырылуы сияқты мәселелер қарастырылады. Сондай-ақ қазақ тілінің лексикологиясы мынадай салалардан тұрады. Тарихи лексикологияның күрделі саласы – этимология.

Этимология гректің *etymologia* (шындық) және *logos* (ілім) деген сөздерінен жасалған термин. Этимология сөздердің шығу төркінін зерттеп, олардың ең алғашқы мағынасының қандай болғандығын айқындайды. Этимологиялық зерттеулердің жеке сөздердің шығу тегін ғана емес, сонымен бірге жалпы тілдің тарихын танып білуде мағызы өте күшті. Біз жоғарыда этимология сөздердің шығу тегін зерттейді дедік. Алайда тіл – тілдің лексикасында шығу төркіні ашық-айдын ажарылып тұратын сөздер де, күңгірт сөздер де кездеседі. Мысалы: алпыс, жетпіс деген сан есімдердің құрамындағы –пыс, -піс деген бөлшектер этимологиясы

1. Архаизмдер.
2. Историзмдер.

Заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары архаизмдер деп

жүргізіледі. Тілдегі кейбір сөздердің белгілейтін заттары мен құбылыстары бір жола жоғалып кетпей, олар қазір де басқа сөздермен аталып келеді.

Тілдегі кейбір сөздер өздері белгілейтін заттар мен құбылыстардың жоғалуымен байланысты көнереді де, сөздердің пассив тобына айналып, мүлде қолданудан шығып қалады. Мұндай сөздерді историзмдер деп атайды. Мысалы: шабарман, садақ, қорамсақ т.б. Сәукеле, сауын айту, кит кию т.б. историзмдер тарихи романдарда, эпопеяларда кездесіп отырады. Мысалы: М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында мынадай сөздерді көруге болады. «Абайдың келсі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстату деп те аталады. Ең алғашқы келіс-осы». Бұл тарихи эпопеядағы келтірілген үзінділер ұрын келу, жыртыс сала келу, қол ұстату ескі әдет-ғұрыптан туған көне, пассив сөздер. Бұлар көпшілік жастарға түсініксіз, қолданудан қалып бара жатқан сөздер болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі историзмдер мағынасына қарай негізінен төрт түрге бөлінеді:

1. Материалдық мәдениетке байланысты историзмдер.

Мысалы: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында мынадай тіркестер

кездеседі: «Қаба жүнді қайын оқ,

Қарға жүнді, камыс оқ»,-дегенде қаба деген сөздермен тіркесіп келеді. Мысалы: қаба жал, қаба сақал. Сондай-ақ жоғарыдағы мысалға байланысты мынадай сөздерді осы топқа жатқызуға болады. Садақ, қол оқ, адырна, қорамсақ, жебе т.б.

2.Әкімшілік басқаруға байланысты термин сөздер историзмге жатады. Мысалы: қазы, би, атшабар, болыс т.б.

3.Қоғамдық өмірге байланысты өткен дәуірдің ерекшелігінен туған сөздер историзмдерге жатады. Мысалы: ханым, ханша, ханзада, бикеш, бәйбіше, тоқал, күң т.б.

4.Қазан төңкерісінен кейін туған сөздер историзмге жатады. Мысалы: қосшы – (союз қосшы), қызыл керуен – (красный караван). Қазақ тіліндегі историзмдерді лексика – морфологиялық ерекшелігіне қарай мынадай топқа бөлуге болады:

1.Қазақтың көнерген байырғы сөздері. Олар өзара іштей үш түрге бөлінеді: а) қарапайым сөздер. Мысалы: жақ, жебе, т.б. ә)

экзотикалық лексика. Мысалы: Сұлтан, Әмір, би, болыс, вазир т.б.

2. Ақша, өлшем, қаражатқа байланысты: фкнт, шиллинг, крона, доллар т.б.
3. Өсімдік, жәндік атауларына байланысты да экзотикалық сөздер болады.

Тірек ұғымдар :

1. Экспрессия – латынның *xpressio* көркемдеуші, бейнелеуші деген сөзінен алынған.
2. Эмоциональдық сөздер – адамдардың көңіл-күйі және белгілі бір құбылыстағы қатысы, ол құбылыстарға қалай қарайтыны жайындағы сөздер.

Көнерген сөздер.

Сабактың жоспары:

1. Қазақ тілі лексикасының активті сөздері.
2. Пассивті топтағы сөздер.
3. Қазақ тіліндегі көнерген сөздер.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикасы» Алматы, «Рауан» 2000 ж.
2. Оразов М. «Қазақ тілінің семантикасы» Алматы, «Рауан» 1998 ж.
3. Айдаров Т. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» Екінші басылуы. Алматы, 1996 ж.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы, 1991 ж.

Сұрақтар :

1. Көнерген сөздер дегеніміз не және қандай түрлері бар ?
2. Неологизм деген не ?

Қазіргі қазақ тілі лексикасының актив және пассив топтары бар.

Пассив топтарға көнерген сөздер кіреді де, актив топтарға неологизмдер кіреді. Сонымен бірге негізгі сөздік қордағы термин сөздер, профессиональдық сөздер, эмоциональды – экспрессивті сөздер жатады. Бұл сөздер негізінен актив топтарға кіреді.

Көнерген сөздер өзінің тарихи орнына қарай екі топқа бөлінеді:

осы күнге дейін айқындалмай отыр. Лексикологияның тағы бір саласы – салыстырмалы лексикология.

Салыстырмалы лексикология туыстас тілдердің сөздік құрамын, ондағы сан алуан сөздерді бір-бірімен салыстыра отырып зерттейді. Бұл туысқан тілдерді ғана салыстырып қоймайды, олардың тарихи даму, өзгеру жағдайларын да зерттейді.

Лексикологияның тағы бір саласы – семасиология. Семасиология – гректің *semasia* (белгі) және *logos* (ілім) деген сөздерінен жасалған.

Сөздердің мағыналық жақтарын зерттейтін саланы семасиология дейді. Бұл семасиология сөздердің мағыналарын және ол мағыналардың өзгерілу жолдарын, семантикалық заңдарды зерттейді. Семасиологияның лексикографиялық жұмыста маңызы айрықша. Осы лексикологияның семасиологиямен тығыз байланысты саласы – ономосиология.

Ономосиология гректің *ат*, *есім*, *атау* деген мағынадағы, *ономо* деген сөзімен білім деген мағынадағы *logos* деген сөзінен таралған термин. Ал осы ономосиологияның тағы бір саласы *опото* -ат, *тау* деген сөзінен алынған. Бұл сала жалпы есімдерді зерттейді. Ономастика өз ішінде екі салаға бөлінеді:

1. Антопонимика.
2. Топонимика.

Бірінші сала кісі аттарын зерттейді. Екінші сала географиялық атауларды зерттейді. Лексикологияның тағы үлкен бір саласы – фразеология. Фразеология грек тілінің *phraso* (сөйлемше) және *logos* (ілім) деген сөзінен жасалған. Фразеология сан – алуан фразеологиялық сөз тіркестерін және сөйлемдерді зерттейді. Сонымен бірге тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін, олардың құрамы мен жасалу жолдарын қарастырады.

Лексикологияның тағы бір саласы – лексикография. Лексикография гректің *lixis* (сөз) *grapho* (жазамын) деген сөздерінен жасалған термин. Бұл сала сөздіктерді құрастыру теориясын, сөздіктердің әр түрлі типтерін айқындап белгілейді. Сонымен бірге сөздіктерді құрастыруға қатысты сан – алуан практикалық жұмыстардың мазмұны мен тегін айқындайды.

Лексикология саласы қазақ тіл білімінің фонетика және грамматика салаларымен тығыз байланыста қарастырылады.

Сөздің негізінен екі жағы бар:

1. Сөздердің дыбыстық жағы.
2. Мағыналық жағы.

Сөздердің дыбыстық жағын фонетика саласы, мағынасын семасиология зерттейді.

Лексиканың негізгі қарастыратын объектісі – сөз. Сөз дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік единица. Сондықтан да сөздің өзіне тән мынадай белгілері бар:

1.Сөз белгілі бір дыбыстық құрылымның бірлігінен тұрады.

2.Сөз дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұрады.

3.Сөз грамматикалық жағынан біртұтас тұлғаланған единица. Сондықтан да сөз тіркесінен де, тұрақты сөз тіркесінен де ажыралады.

4.Сөз өзінің құрамына басқа бір сөзді ендірмеу қасиетімен сипатталады.

5.Сөз белгілі бір сөз табына қатысты болады және соған телінеді.

6.Сөз даяр тұрған тұтас единица ретінде жұмсалады.

Біз жоғарыда сөздің екі жағы болады дедік. Сөздің бойындағы әртүрлі мағыналардың табиғаты бірдей емес. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда сөз мағыналары негізгі мағына және туынды мағына деп екі түрге бөлінеді. Мысалы: ер деген сөздің мынадай үш түрлі мағыналық ерекшеліктері бар: 1.Еркек деген мағынада қолданылады. Бұл осы сөздің, негізгі бастапқы мағынасы болып табылады. 2.Күйеу мағынасы. 3.Батыл, батыр деген мағыналары даму барысында кейіннен пайда болған туынды мағыналары. Сондай-ақ сөз мағыналарын тура және келтірінді мағына деп екі топқа бөлуге болады. Мысалы: қараңғы сөздің тура мағынасы еш нәрсені көруге болмайды деген мағына, ал келтірінді мағынасы оқымаған, сауатсыз дегендерді білдіреді.

Сөз мағынасы стилистикалық жақтан да топтастыруға болады:

1.Бейтарап мағына.

2.Стилистикалық бояма мағына.

Осы стилистикалық бояма мағына терминологиялық және поэтикалық мағына болып өзара екіге бөлінеді. Ғалым В.В. Виноградов-тың сөздің лексикалық мағыналарын төмендегідей бөлуі тіл ғылымында негізге алынып жүр:

1.Сөздің тура немесе номинативті мағынасы. Сөздің заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты лексикалық мағынасы тура немесе номинативті мағына деп аталады. Мысалы: оқу деген егістік кітап деген сөзбен де (кітап оқу), газет деген сөзбен де (газет оқу), жақсы деген сөзбен

құбылыстарға қалай қарайтыны жайындағы сөздерді эмоциональды – экспрессивті сөздер дейді. Адамдар мен құбылыстардың көзқарасын білдіретін мынадай сөздер бар. Көсем, шешен, дана, ақын, жауыз, сұм, арам, адал т.б. Мұндағы сөздердің қуаттылығы оның өз бойындағы мәні мен реңіне байланысты. Сөздің семантикасына тән қасиетті-әсерлі, эмоциональды – экспрессивті сөздер болып табылады. Сөздердің реңі мен күйін білдіретін негізгі тәсілдер мыналар. Ол морфологиялық формалар: -шық, -ша, -ше, -сымақ, -ке, -тай, -жан, -қан, -қой, -іш, -ыш, -кел жұрнақтары зат есім сөзіне жалғанып, эмоциональдық – экспрессивті рең білдіреді. Сайып келгенде, адамның кіл-күйін, ішкі сезімін білдіретін және қасиетті жағымды-жағымсыз реакция туғыза алатын ерекшелігі бар сөздерді эмоциональдық сөздер деп атауға болады. Экспрессивті сөздер деп, көркемдеуші, бейнелеуші сөздерді атайды. Экспрессия – латынның *xpressio* (қазақша) көркемдеуші, бейнелеуші деген сөзінен алынған. Тілдегі экспрессивтілік дегенде айтылатын ойдың мәнерлілігі, суреттілігі және әсерлілігі деп түсіну қажет. Мұндай ерекшеліктер жеке сөзбен де, сөз тіркесімен де, түрлі грамматикалық тұлғалармен де беріледі. Мысалы: С. Торайғыровтың мына бір өлеңін алайық:

Қорлықты, зорлықпенен көрген Қамар,

Амалсыз бәріне де көнген Қамар.

Айдай әлем аузының суын құртып,

Арманда арсыздардан өлген Қамар.

Осындағы қорлық, зорлық, арсыз деген сөздер кейіпкерлердің басындағы ауыр көңіл-күйді көрсетудегі эмоциональды сөздер. Эмоциональды – экспрессивті сипаттағы сөздерге түрлі морфологиялық қосымшалар жалғау арқылы да беріледі. Мысалы: Абайдың мына бір өлеңін алайық:

Әсемпаз болма өнерге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Немесе Үйде сырдан,

Түзте мырзан.

Осындағы –паз, -даң, -н қосымшалары сөзге эмоциональды қасиет үстеп, мейлінше әсерлі етіп көрсетіп тұр.

Экзотикалық лексика.

Экзотикалық лексика қазақ тіл білімінде тіпті зерттелмеген тың сала. Экзотикалық сөздер баспа сөздерде жиі кездеседі. Осыған қарай олар мынадай түрге бөлінеді.

1. Қоғамдық - саяси, әкімшілік – басқару ісіне байланысты

Диалектизмдер.

Диалект, говор деп халықтың я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөлектерін атаймыз. Барлық тілдерде біреуінде аз, біреуінде көп мөлшерде диалектілік ерекшеліктер сақталған Қазақстан жағдайында диалект 2-3 облысты қамтысы, говор облыс немесе 1-2 ауданды қамтуы мүмкін. Әдеби тілдегі жалпыға бірдей белгілі сөз язат атауы диалектіде басқаша айтылады. Мысалы: зарпы деген сөз зардабы, салдары дегенді білдіреді, пұшайман жеу – уайым жеу дегенді білдіреді. Тілдегі диалектілік ерекшеліктерге байланысты сөздерді диалектизмдер деп атайды. Диалектілік сөздер ерте замандаға рулық, тайпалық тілдерден қалған. Диалектілік сөздер тек белгілі бір аймақта тұратын адамдар арасында ғана қолданылады. Соларға ғана түсінікті болады және олар сөйлеу тілінде қолданады.

Кәсіби сөздер. (Профессиональдық сөздер).

Кәсіби сөздер жергілікті жерде әр алуан кәсіптің, өндірістің туып, дамуымен қалыптасады. Соларға байланысты заттардың өндіріс еңбек құралдарының, еңбек өнімінің, процесінің атауларын білдіреді. Кәсіби сөздер деп, белгілі кәсіппен шұғылданған адамдардың арасында қолданылатын лексиканы атайды. Мысалы: Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі шола деген сөз бар. Шола балықтың азаюы деген сөз. Сондай-ақ, ұйық балықтың бір жерге шоғырлануы, әттік-қармақтың тілі, тартым-ау тартатын жер, қоқан-үлкен балықты тізіп байлайтын арқан деген мағыналарды білдіреді. Мұны балықпен шұғылданбайтын адамдар түсінбейді. Сонымен бірге диқаншылыққа байланысты Оңтүстік аудандарында мынадай сөздер бар. Мысалы: бәдірең – қияр деген сөз. Кәсіби лексика көркем шығармада да жиі кездеседі. Кәсіби мамандыққа байланысты сөздер жасанды сөздер емес, белгілі кәсіптің ұзақ уақыт бойы дамуы нәтижесінде пайда болған сөздер. Кәсіби сөздерді қолданушы – жергілікті халықтар. Қазақ тілінің төл сөздерінен термин сөздер жасауда кәсіби сөздердің мәні бар. Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір ұғыммен нақты, дәл мағынасын анықтайды. Сөйтіп, кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. Мысалы: жылым, танап, бағбан т.б. Бұлар белгілі бір ұғымның дәлдігін білдіреді.

Эмоциональды – экспрессивті сөздер.

Жалпы халық тілінде көңіл-күйіне байланысты сөздер мол. Адамдардың көңіл-күйі және белгілі бір құбылыстарға қатысы, ол

де (жақсы оқу) тіркесіп, қарым-қатынасқа түсіп қолданыла береді.

2.Фразеологиялық байлаулы мағына. Сөздің тұрақты сөз тіркестерінде көрінетін лексикалық мағынасы фразеологиялық байлаулы мағына деп аталады. Мысалы: судай жаңа-бұл фразеологиялық мағына. Мидай дала, тастай қараңғы т.б.

3.Синтаксистік шартты мағына. Сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байланысты туған лексикалық мағынасы синтаксистік шартты мағына деп аталады. Мысалы: ол бір түлкі, шалқар көл т.б. дегенде белгілі бір синтаксистік қызмет атқарады. Сөз мағыналарының әрбір типтік тобы өз ішінен бірнеше түрге бөлінеді. Оны кесте түрінде былайша көрсетуге болады. (Оқулықтағы 88-бетке қаралсын).

Тірек ұғымдар :

1. Генеалогия – тілдердің туыстығы.
2. Лексикалогия – сөз туралы ғылым.

Полисемия және сөздің лексикалық мағыналарының түрлері.

Сабақ жоспары:

1. Полисемия туралы түсінік.
2. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы.
3. Сөздің көп мағыналығының пайда болу жолдары.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикалогиясы» Алматы, «Рауан» 2000 ж
2. Оразов М. «Қазақ тілі семантикасы» Алматы, «Рауан» 1998 ж.
3. Айдаров Т. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» Екінші басылуы, Алматы, 1996 ж.
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ.«Қазіргі қазақ тілі»Үшінші басылуы, Алматы1997ж.

Сұрақтар :

1. Сөздің номинативтік мағынасы дегеніміз не ?
2. Сөздің синтаксистік шартты мағынасын қалай түсінесің ?
3. Фразеологиялық байлаулы мағына дегеніміз не ?

Полисемия – бұл грек тілінің (көп) және (белгі) деген сөздерінен

жасалған термин. Яғни полисемия көп мағыналық дегенді білдіреді. Тіл тілдің құрамында бір емес, бірнеше лексикалық мағынасы бар сөздер жиі ұшырасады. Сөздің лексикалық мағыналарының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Түсінікті болу үшін, мына бір мысалдарға назар аударайық.

1. Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал. (мақал).

2. Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім. (С.Торайғыров).

Бірінші мысалда ана деген сөз «шеше» деген мағынаны білдірсе, екінші мысалда басқа бір мағына «туған» дегенді білдіреді. Сонымен, сөз негізгі мағынасынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әр түрлі мағыналарда қолданылуға икем келеді. Әр түрлі мағынасы бар сөз полсемантизмді (көп мағыналы) сөз деп аталады. Ал жалпы көп мағыналық құбылыс полисемия құбылысы деп аталады. Полисемия түрлі тілдердің бәрінде де бар. Дүние жүзіндегі әр түрлі тілдердің сөздіктерін алып қарасаңыз, солардың әр қайсысының да полсемантизмді сөздерді жиі кездестіресіз. Сөздің бойындағы әр түрлі мағыналардың табиғаты бірдей емес. Тіл білімінде сөздің мағыналарын әр тұрғыдан қарастыру және осыған сәйкес сөз мағыналарын түрліше топтастырып саралау дағдысы бар. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, сөз мағыналары негізгі мағына және туынды мағына деп аталатын екі түрге бөлінеді. Мысалы: ер деген сөздің: 1. «еркек», деген мағынасы-бастапқы, негізгі мағынада; 2. «күйеу», «бай»; 3. «батыр» деген мағыналары – сөздің семантикалық жақтан дамуы барысында кейіннен пайда болған туынды мағыналар. Тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алып қарастырғанда сөз мағыналарын екі түрге бөліп, топтастыруға болады: оның бірі тура мағына, екіншісі келтірінді мағына.

Сөз мағынасы стилистикалық жақтан да ажыратылады. Стилистикалық тұрғыдан алып қарастырғанда, сөз мағыналары бейтарап мағына және стилистикалық бояма мағыналарға саралап топтастыруға болады. Стилистикалық мағына өз ішінде терминологиялық мағына, поэтикалық мағына және т.б. мағыналар болып бөлінеді. Мысалы: қазақ тіліндегі жұрнақ деген сөздің «қалдық» деген мағынасы, стилистикалық тұрғыдан алып қарастырғанда да; бейтарап мағынада да, ал бұл сөздің түбірге жалғанып жаңа мағыналы сөз тудыратын қосымша деген мағынасы терминологиялық мағына.

Кеңес тіл білімінде академик В.В.Виноградовтың сөздің

іздегенмен табылмас», -дейді ұлы Абай. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Олардың барлығы – кітаби лексиканың үлгілері.

Варваризмдер.

Тілде баламасы бола тұрса да шет тілден орынсыз сөздер қосып сөйлеу не сол тілдегі сөзді бұзып сөйлеу варваризм делінеді. Мысалы: 1896 жылы «Известия Казанского университета» журналында мынадай өлең басылған:

Астыма мінген атым Генадушка,

С утра работаем қара кешке.

Көп айдың көрмегелі болды литса,

Жүрмісің здравы мили душка.

Жаргон сөздер.

Жаргон, арго француз сөзі. Шағын ғана әлеуметтік топтарға қызмет ететін, сол топтар пайдаланатын арнаулы сөздер мен сөйлемдерді жаргон сөздер дейді. Жаргондар көбінесе дворяндық аристократия мен буржуазияның жоғары топтары арасында қолданылған жаргондардың өз алдына сөздік қоры, грамматикалық құрылысы жоқ. Бірақ жалпы халықтық тілдегі сөздерді өз мақсатына қарай мағынасын өзгертіп, басқаша түрде қолданады. Шын мәнінде қазақ тілінде жаргондық дәрежеге жеткен сөз болған емес. Бірақ әр кезде, белгілі әлеуметтік ортада пайда болып, қазір бір жола жоғалып бара жатқан жаргондық сипаты бар сөз бен сөйлемдер элементтері болады. Оларды үстем тап өкілдері, дін иелері қолданды, пайдаланды. Мысалы: «Бақырғани» деген кітаптың сөзі былай келеді.

Бақырғаниден сафар қылсам,

Тауаф қылған Кэбани,

Барып кәне йезім сүрсем.

Көріп хәннәни, мәннәни.

Мұндағы сафар, кәннәни, мәннәни дегендер жаргон сөздер. Тілде арготизм сөздер де қолданылады. Арго кейбір әлеуметтік ортада немесе топтардың тілінде кездеседі. Мұнда жалпы халықтық сөздер шартты түрде әдейі бұрамаланып алынады. Жаргон үстем таптың жоғарғы топтарына тән болса арго төменгі әлеуметтік топтарға тән. Арго, жасырын әрекетті, құпия сырды бүркемлеу мақсатынан туған. Мысалы: анхор жопсар бұл ұрланған зат, нәрсе жапсарда деген сөз. Үй таза ма? Дегені мен үйде кісі жоқ па? Деген сөздің мағынасын береді. Жаргон мен арголар әдеби тілге ене алмайды.

Қазіргі қазақ тілі әдеби тілінің үлкен саласының бірі газет, журнал, күнделікті баспа сөз тілі басқалардан өзінің сөздік құрамы мен жазу стилінің көп түрлігімен ерекшеленеді:

1. Газет, журнал, күнделікті баспасөз тілінің басты ерекшеліктерінің қатына біршама қалыптасқан дайын сөз тіркестері мен сөйлемдердің, грамматикалық формалардың қолданылуын да жатқызуға болады. Мысалы: Ұлы Отан, сара жол, әкелік қамқорлық т.б.

2. Публицистикалық сөздер мен сөз тіркестеріне мыналар кіреді: табысқа жету, дабылға ұласу, шабыт беру, үлес қосу, жарысты өрістету, мерзімнен бұрын жарысты орындауда, міндеттемелер қабылдануда мүмкіндіктерді аша түсуде, жүзеге асыруда, дем беруші, жемісті нәтиже, пәрменді өрістету, жіті көңіл бөлуде, бастама үн қосу, мүлтіксіз орындау, табыспен қарсы алу т.б.

3. Публицистикалық аффоризмге мыналар жатады: жарыс-табыс кепілі, іс тетігін маман шешеді, жарыс бар жерде табыс бар, еңбегіне қарай өнбегі, күте білген ұта біледі т.б.

4. Етістіктің –уда, -уде формасының мағынаны білдіру фактілері публицистикалық сөздерге тән қасиеттер: жүргізіліп отыр, жүргізіліп келеді формалары жүргізілуде түрінде жұмсалады.

Кітаби лексика.

Қазақ халқында XVIII-XIX ғасырларда, тіпті одан арғы кезеңдерде, жазу, сызу мәдениетінің бірі – кітаби тіл болады. Кітаби лексика жөнінде пікірлер сан алуан. Кітаби тілді Орта Азия халқына тән деп қарасақ, ал кейбіреулер татар, шағатай, түркі тілдерінің қоспасы деп атайды. Бұл екі пікірдің де азды-көпті шындығы бары рас. Орта Азия халықтары, қазақ халқы – бұлардың бәрінің 1920 жылдағы дейінгі жазуда араб жазуы екенін білеміз. Араб жазуы ислам діні арқалы тарады. Осыған байланысты түркі тілдерінде түрлі мазмұнда хатқа түскен ескерткіштерде араб, парсы тілінің сөз үлгілері айқын көрінеді. Кітаби әдеби тілді адамдардың аз ғана тобы ғана меңгереді. Өйткені ол, сол халықтың жалпы халықтық тілінің негізінде емес, басқа тілдің негізінде құралады. Слнымен кітаби лексикаға татар, башқұрт, өзбек, жалпы түркі тілдерінің және араб, парсы тілдері араласуынан туған жалпы қазақ халқына түсініксіз түрлі қоспа тілдік элементтерді жатқызуға болады. Бұған Абайдың қара сөздерінде көп мысалдар бар. Мысалы: «білім, ғылым үйренбекке, талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар, Оларды білмей,

лексикалық мағыналарына жасаған классификациясы кең түрде қолданылып жүр. В.В.Виноградов сөздің лексикалық мағыналарының негізгі үш түрлі типін көрсетеді: оның бірі тура немесе номинативті мағына, екіншісі фразеологиялық байлаулы мағына, үшіншісі синтаксистік шартты мағына. Сөздің лексикалық мағыналарының осы аталған түрлерін бір-бірінен ажырата білудің сөздерге мағыналық жақтан талдау жасау жұмысында, әсіресе лексикографиялық жұмыста, маңызы айрықша зор. Енді сөздің лексикалық мағыналарының жоғарыда аталған түрлерінің әрқайсысына арнайы тоқталайық:

Сөздің тура немесе номинативті мағынасы.

Тілдегі көптеген сөздер заттар мен құбылыстардың және олардың әр түрлі белгілерінің бейнесімен тікелей байланыста болады. Сөздің заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты лексикалық мағынасы тура мағынасы немесе номинативті мағына деп аталады. Номинативті мағынасы бар сөздердің басқа сөздер мен байланысы мен қатынасы заттық – логикалық (предметно-логический) тұрғыдан айқындалып белгіленеді. Сондықтан да сөздердің тура немесе номинативті мағынасында басқа сөздермен байланысы бірен-саран сөздермен ғана шектеліп қоймайды. Сөз номинативті мағынасында алуан түрлі сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, олармен емін-еркін тіркесе алады. Сөйтіп, оның (номинативті мағынадағы) басқа сөздермен тіркесіп жұмсалудың мүмкіндігі мол болады. Мысалы, оқу деген етістік кітап деген сөзбен де (кітап оқу), газет деген сөзбен де (газет оқу), жақсы деген сөзбен де (жақсы оқу) тіркесіп, қарым-қатынасқа түсіп қолданыла береді.

Сөздің тура немесе номинативті мағынасында көптеген сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, олармен емін-еркін тіркесе алу қабілеті ескеріліп, номинативті мағына кейде еркін мағына (свободное значение) деп те аталады.

Еркін мағына сөздің лексикалық мағыналарының бір түрі фразеологиялық байлаулы мағына дегенге қарсы қойылады және одан ажырату үшін қолданылады.

Фразеологиялық байлаулы мағына.

Сөздің тұрақты сөз тіркестерінде көрінетін лексикалық мағынасы фразеологиялық байлаулы мағынаның табиғаты сөздің тура немесе номинативті мағынасында заттармен құбылыстарға тікелей бағытталып, көптеген сөздермен тіркесіп жұмсалудың икем болса, фразеологиялық байлаулы мағынасында тек белгілі бір

сөздермен ғана тіркесіп, санаулы ғана тұрақты сөз тіркесінің құрамында қолданылады. Мысалы: Су деген сөз су құю, су тасу, сумен жуу, су төгу деген сөз тіркестеріндегі мағынасы номинативті (еркін) мағына. Су деген сөз номинативті мағынасында басқа да сөздермен емін-еркін тіркесе береді. Ал су жаңа немесе судай жаңа деген тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы су , судай деген сөздердің «өте, тіпті» деген мағынасы фразеологиялық байлаулы мағына.

Фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөзді онымен мәндес келетін басқа бғр сөзбен ауыстыруға болады. Мысалы: тасқараңғы не тастай қараңғы деген тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы тас немесе тастай деген сөздердің фразеологиялық байлаулы деген мағынасына өте, тіпті деген сөздердің бірі мәндес келіп, оны мағыналық жақтан алмастыра алады. Сондай-ақ , ата мекен, немесе ата жау, мидай дала деген сөз тіркестерінің құрамындағы ата деген сөздің орнына ежелгі деген сөзді , мидай дегеннің орнына жазық деген сөзді қойып, ежелгі мекен немесе ежелгі жау, жазық дала деген түрде айтуға болады.

Синтаксистік шартты мағына.

Сөз жеке дара күйінде емес, әдетте сөйлемде қолданылады. Сөз сойлемде қолданылу ыңғайына қарай дағдылы мағынасынан өзгеше, басқа бір мағынаға ие болу мүмкін. Мысалы: орыс тілінде Ворона деген сөздің екі түрлі лексикалық мағынасы бар: оның бірі «қарға» деген мағына да, екіншісі «ашық ауыз, аңқау» деген мағына. Бұл сөздің бірінші мағынасы номинативті мағына да екінші мағынасы қаратпа сөз қызметінде жұмсалыуына байланысты туған синтаксистік шартты мағына.

Сонымен, сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байоанысты туған лексикалық мағынасы синтаксистік шартты мағына деп аталады. Мысалы: Қазақ тілінде түлкі деген сөз негізгі номинативті мағынасынан («аңның бір түрі» басқа мағына «қу, ала аяқ» деген мағынаны, мысалы: ол бір түлкі) білдірсе, орыс тілінде голова деген сөз «бас» деген негізгі номинативті мағынасымен бірге «өте ақылды адам» деген мағынаны да білдіреді. Қазақ тіліндегі түлкі, орыс тіліндегі голова деген сөздердің соңғы мағыналары «ала аяқ, қу» , «өте ақылды адам» синтаксистік шартты мағыналар. Бұл мағыналар («ала аяқ, қу», «өте ақылды адам») аталған сөздердің белгілі бір синтаксистік қызметте атап айтқанда, баяндауыштық қызметте жұмсалыуына байланысты туған үстеме мағыналы болып саналады.

термин сөздердің халықаралық қоры болып саналатын лексиканы атайды. Мысалы: фонема, синоним, архаизм, конституция т.б.

3.Терминдердің туынды түлерін қабылдау қажет болғанда, олардың түбір тұлғасы аударылмай, сол қалпында қабылданады да, кейбіреулерінің орыс тіліндегі қосымшаларының орнына, қазақ тіліндегі қосымшалар жалғанады. Мысалы: аграрлық (аграрный), демократияландыру (демократизация) т.б.

Сайып келгенде, термин сөздер белгілі бір салада қолданылатын айрықша қызметі бар сөздер. Термин сөздер ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан да көптеп орын алады.

4.Әлеуметтік – экономикалық терминдердің де сөздік құрамды молайтуда үлесі үлкен. Мысалы: қоғамдық ұйым, өндіргіш күштер, товар айналымы, кәсіп одақ т.б.

Ресми құжаттық сөздер.

Ресми құжаттық сөздерге іс қағаздарының үлгілері кіреді. Қоғамдағы адамдардың және олар қызмет істейтін мекеме, өндіріс орындарының бір-бірімен қатынасы көбінесе іс қағаздары арқылы іске асады. Сондай-ақ үкімет орындары, жалпы халық арасындағы түрлі қатынастар және бір ел мен екінші ел арасындағы қарым-қатынас та ресми документтер арқылы жүзеге шығарылады.

Іс қағаздарына әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Олар негізінен мыналар: өтініш, сенім хат, жедел хат т.б.

Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан жатқанды бірыңғай сөздер мен сөйлемдері бар. Мысалы: өтініш қағаздар, өтінемін, сұраймын; хабарландыру, мәжіліс болады, жиналыс болады, қаралатын мәселе; қолхатта: мен алдым, мен бердім; анықтамада: анықтама берілді, растаймын, ұсынамын; сенімхатта: ұсыну үшін, алу үшін берілді; протокольде: жиналыс болды, күн тәртібі, мәселе қаралды, шығып сөйлеуші, қаулы етеді; актта: қол қоюшы, актіні жасаушы, мына жағдайда жасалды; шартта: мәселе жөнінде, шарт жасап отырмыз; міндеттемеде: алынды, көмектесеміз, міндеттемемізге аламыз деген сияқты бірыңғай сөздер мен сөйлемшелер үлгілері қолданылады. Ресми сөздер көбіне үкімет тарапынан шығатын ресми құжаттар қолданылады. Олар мыналар: заң, устав, үкімет орындарының қарарлары, халықаралық шарт, келісім, нота т.б. үкімет қабарларында ресми сөздер қолданылып отырады. Ресми құжаттарда саяси әкімшілік терминдер басым болады.

Публицистикалық сөздер.

жүрген, мысалы: жаз, қар, күн т.б. сөздерді, яғни толып жатқан жалпы халықтық лексиканы молынан пайдаланады.

Поэтикалық лексика.

Поэтикалық сөздер өзінің табиғаты жағынан, басқа лексикалық қатарларға қарағанда әуезді, әсем, эстетикалық көркем сөздер. Мысалы: ләззат, нәзік, дидар, сағым т.б. Абайдың мына өлеңін алып қарайық:

Мығымда сіздің шаш,
Айқаласып, тайталас,
Ләззат алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көңіл мас. Дегенде, осындағы ләззат поэтикалық сөз.

Термин сөздер.

Термин сөздер деп, ғылым мен техниканың мәдениет пен шаруашылықтың түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздерді атаймыз. Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің алуан түрлі салаларында қолданылатын көптеген термин сөздер бар. Әсіресе ғылым мен техника терминдердің мәні айрықша. Осы термин сөздерге байланысты ғылым да бар. Оны **терминология** дейді. Терминология деп - өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің, саясат пен дипломатияның және мәдениет пен әдебиеттің әр саласына тән терминдердің жиынтығы аталады. Термин сөздер әр түрлі жолдар мен жасалады. Олардың басты-бастылары мыналар:

1.Әдеби тілде бұрыннан бар кейбір төл сөздер терминдік мағынаға ие болып, белгілі бір саланың терминологиясына телінеді де, сонда әбден орнығып қалыптасады. Мысалы: қазақ тіліндегі айналым (оборот), қосымша құн (прибавочная стоимость), өндіргіш күштер, нұсқау (инструкция), екпін, тырнақша сияқты сөздер ғылымның әр саласында термин сөздерге айналып қалыптасып кетті. Әрбір ұлт тілінің терминологиясы белгілі бір ғылыми негізге принципке сүйеніп жасалынады. Мысалы: қазақ тіліне орыс тілінен енген терминдер сияқты жасалады. Егер қазақ тілінде сол алынғалы отырған сөздің мағынасын бірге алатын баланысы болса, олар аударылып алынады. Жоғарыда аталған терминдер де осы принцип бойынша жасалып, тұрақты термин ретінде қалыптасады.

2.Ғылым мен техниканың салаларына қатысты терминдердің ішінде дүние жүзіндегі тілдердің бәріне бірдей ортақ көптеген терминдер бар. Бұларды интернациональдық терминге жатқызады.

Интернациональдық термин деп, барлық тілдерге ортақ,

Синтаксистік шартты мағына орыс тіліндегі шляпа деген сөздің «ынжық, бос белбеу» деген мағынасы (мысалы: «Шляпа! Такой мяч пропустить!») мен медведь деген сөздің «қолапайсыз, епсіз» деген мағынасын, қазақ тіліндегі жылан деген сөздің «жауыз» деген мағынасын (Мысалы: хан емессің, ылаңсың, қара шұбар жылансың. (Махамбет) жатқызуға болады.

Сөздің синтаксистік шартты мағынасы көбінесе белгілі бір эмоцияны білдіреді. Ондай эмоция не жағымды не жағымсыз болуы мүмкін. Мысалы: есек деген сөздің қолданысынан туатын синтаксистік шартты мағынаның («топас») экспрессивті – эмоциональды сипаттамасы жағымсыз болса, сұңқар деген сөздің қолданысынан туатын синтаксистік шартты мағына («таңдаулы, ұшқыш») эксперсивті – эмоциональды сипаттамасы жағымды.

Фразеологиялық байлаулы мағынада немесе синтаксистік шартты мағынада қолданылатын сөздердің де басым көпшілігінің номинативті (тура) мағынасы болады. Кейбір сөздерде тек қана фразеологиялық байлаулы мағына болады. Мысалы: Қыпша бел дегендегі қыпша, шалқар көл дегендегі шалқар, ну орман дегендегі ну деген сөздердің мағынасы –тек фразеологиялық байлаулы мағынасы «жіңішке», шалқар дегеннің фразеологиялық байлаулы мағынасы – «кең», ну дегеннің байлаулы мағынасы «қалың», ит тұмсығы батпайтын». Сонымен, мағыналық жақтан құбылып, әр түрлі мағынада жұмсалып тілдегі әр алуан сөздерге тән құбылыс болып саналады. Белгілі бір сөздің негізгі (тура) мағынасы мен туынды (келтірінді немесе ауыспалы) мағыналары сол сөздің мағыналық мазмұнын қарастырады.

Сөйлемде (немесе контексте) сөз дағдыдан тыс, басқаша мағыналық рең алу мүмкін. Сөздің жалпы халықтық тілдегі үйреншікті мағынасынан басқаша рең қалуы көбінесе көркем шығармалардың тілінде жиі ұшырайды. Ақын не жазушы белгілі бір құбылысты суреттеп, оны бейнелі түрде айтып, жеткізу үшін, кейде сөздерді тыңнан тіркестіреді, сосын сөз өрнегін жасайды. Жазушы қаламынан туған образды, соны тіркестерде сөз де тіптен тың, мағыналық жаңа реңге ие болу мүмкін. Бірақ мұндай мағыналық реңді сөздің тұрақты, үйреншікті мағыналарының бірі деп санауға да, олардың қатарына жатқызуға да болмайды.

Полисемия құбылысын және сөздің лексикалық мағыналарының жоғарыда аталған түрлерін жете білудің сөз мағыналарының түрлерін ажырата білуде, әсіресе әр түрлі сөздіктерді жасауда үлкен мәні бар.

Тірек ұғымдар :

1. Номинативтік мағына – тура мағына.
2. Полисемантизм – сөздердің көп мағыналығы.

Семасиологияның заңдары.

Сабақтың жоспары:

1. Функциональдық семантика заңы.
2. Ұқсату заңы (метофаризация).
3. Бөлшектің бүтінге айналу заңы.
4. Сөз мағынасының кеңеюі мен тараю заңы.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, «Рауан» 2000ж.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, «Рауан», 1998 ж.
3. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Екінші басылуы. Алматы, 1996 ж.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ., Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997 ж.

Сұрақтар:

4. Сөздің тура мағынасы дегеніміз не?
5. Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз не?
6. Сөздің келтірінді мағыналары дегеніміз не?

Семасиология гректің *sema* (белгі) және *logos* (ілім) деген сөздерінен шыққан. Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдары бойынша жасалады. Өйткені семасиологияның мынадай заңдары бар:

1. Функциональдық семантика заңы.
2. Ұқсату заңы (метофаризация).
3. Бөлшектің бүтінге айналу заңы.
4. Сөз мағынасының кеңеюі мен тараю заңы , т.б.

Функциональдық семантика заңы.

Функциональдық семантика заңы сөздердің атқаратын қызметіне қарай жұмсалады. Сөз өзінің дыбысталуын, тұлғасын сақтай отырып, мағынасын біртіндеп, жаңарта береді. Сөз жаңа мағынасына ие болғанда, оның негізгі сөздік мағынасы өзінің

3.Айдаров Т. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» Екінші басылуы.

Алматы, 1996 ж.

4.Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы, 1997 ж.

Сұрақтар :

1. Ресми-құжаттық сөздерге қандай сөздер жатады ?
2. Экспрессивтік сөздер ?
3. Эмоциональдық сөздер ?
4. Экзотикалық лексика дегеніміз не ?

Қазақ тілі лексикасының стильдік топтары белгілі бір сөз мәнерлерін сөйлемде қолдануда жиі кездеседі. Қазақ тілі лексикасындағы сөздерді стильдік мәніне қарай төмендегі топтарға бөлуге болады. Жалпы халықтық лексика, поэтикалық лексика және ресми документтік сөздер, публицистикалық сөздер, кітаби лексика, варваризмдер, жаргондық сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер, эмоциональды – экспрессивті сөздер, экзотикалық лексика.

Жалпы халықтық лексика.

Жалпылама сөдер әр алуан стильде әдебиеттің барлық жерінде қолданыла беретін бүкіл жұртқа бірдей түсінікті сөздер. Мысалы: жер, су, жаз, қыс, бар, кел, ақ, сары, қыр, ай т.б.

Жалпы халықтық лексикаға белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың жазу тілінде болсын, сөйлеу тілінде болсын, барлығында бірыңғай, біртектес үлгіде, қалыптасқан, нормаға түскен сөздер жатады. Жалпы халықтық лексикаға тән қасиет-табиғилық, қарапайымдылық, көпшілік қолданушылық, ашық-айқындылық және т.б. сөздерге ұйытқы болушылық.

Қазақ тілінде жалпылама лексикаға да осы айтылған қасиеттер тән. Өны С. Торайғыров шығармаларының мына бір өлең шумағынан да байқауға болады. Мысалы:

Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып,
Күн де тұр, жарқ-жұрқ етіп нұрын шашып,
Құлпырып, жаз құбылып, жердің жүзі,
Қуанбас жан-жануар бұған нағып!
Маужырап, кеш болғанда жұлдыз айы,
Мұнартып, көкшіл тартқан қыр мен сайы,
Қой маңырап, түйе боздап, сиыр мөңіреп,
Жылқы кісінеп, ойнақтап құлын, тайы.

Осында ақын жаз айының әсем де сұлу көрінісін суреттеуде өзіне тілдік арқау етіп күнделікті өмірімізде толық қолданып

қарауымызға болады. Мұны профессор Ғ. Мұсабаев осылайша бөледі. Ал, кейбір ғалымдар оны негізінен бес кезеңге бөліп қарайды. Мұны профессор Ғ.Мұсабаев осылайша бөледі. Ал, кейбір ғалымдар оны негізінен бес кезеңге бөледі.

I кезең – XVII ғасырдың басына дейінгі кезең. Бұл кезеңге дейін орыс халқы мен қазақ халқының арасында соншалықты күшті байланысы болғанмен, екі халық арасында аз болса да қарым-қатынас болып тұрғандығы байқалады. Мысалы: сол кездегі мынадай сөздерді атауға болады. Жулик (жүлік), саман (үлкен кірпіш) т.б.

2 кезең – XVII ғасырдың басынан бастап XVIII ғасырдың іші болған. Бұл кезеңде орыс халқы мен қазақ халқының қоныс араласуы, соның нәтижесінде қалалар мен бекеттер салына бастайды. Осы кезде мынадай сөздер қазақ тілінде кездесе береді. Императрица, полковник, закон, старшина, указ, генерал, губернатор, господин, граф т.б.

3 кезең – XIX ғасырдың II жартысы болады. Бұл кезде мынадай сөздер пайда болады. Восьмушка (әшмашке), дуга (доға), холмут (камыт) т.б.

4 кезең – XX ғасырдың бас кезі болады. Бұл кезде мынадай сөздер пайда болды. Доктор, фельдшер, агроном, электр т.б.

5 кезең – 20 сыншы жылдардан кейінгі дәуір. Бұл кезде мына сияқты сөздер орыс тілінен енді: директор, телевизор, сервант, гранитур т.б.

Тірек ұғымдар:

1. Историзмдер – тарихи сөздер.
2. Неологизм – жаңа сөздер.

Қазақ тілі лексикасының стильдік топтары.

Сабақ жоспары:

1. Жалпы халықтық лексика.
2. Поэтикалық лексика.
3. Ресми-құжаттық сөздер.
4. Публицистикалық лексика.
5. Кітаби сөздер.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикологиясы» Алматы, «Рауан» 2000 ж.
2. Оразов М. «Қазақ тілінің семантикасы» Алматы, «Рауан» 1998 ж.

қалпын сақтап қалады. Мысалы: ішек деген сөзді алайық. Оның қойдың ішегінен сыдырылып иірілетінін, домбыраға тағылатынын білеміз. Атқаратын қызметіне қарай қой ішегінің атауынан домбыра ішегінің атауы шыққан. Домбыраның ішегі үзілді дегенде, қойдың ішегі үзілді деп түсінбей, домбыраға тағылған ішекті түсінеміз. Сөйтіп, бұл сөз анатомиялық атаудан аспаптық атауға ауысқан. Осылайша мағынаның атқаратын қызметіне қарай жаңару функционалдық семантик заңы делінеді. Сондай-ақ, дүрбі сөзінің мағыналық дамуы да функционалдық жолға кіреді. Өйткені оның аталған заты әлдеқашан қолданудан шығып қалған. Алғашқы кезде дүрбі құр қуыс труба болып, бертін келе бинокльге ауысқан. Міне, осылар сияқты атқаратын мағыналы сөздерді функционалдық семантика заңы бойынша өзгереді дейміз. Сонымен бірге кеме сөзін алып қарасақ, бұл осы күнгі кемелерге мүлде ұқсамайды. Бірақ бұрынғы сөз жаңа мағынада қолданыла береді. Сол сияқты шамды жак, шамды өшір дейміз. Осындағы шамымыз – электр. Ол бұрынғы шаммен мүлде өзгеше. Бұлардың бәрі де атқаратын қызметі, функциясы жағынан бір-біріне тығыз байланысты.

Ұқсату заңы.

Тілдің лексикасындағы сөздердің сыртқы дыбысталуын, түрін өзгертпестен зат, құбылыстардың түрінің, белгісінің ұқсастығына қарай жаңа мағына туғыза қолданыла беру ұқсату заңы дейміз. Бірақ бұл заң кез келген ұқсастыққа қарай жаңа мағына туғыза бермейді. Мысалы: сиыр малының негізгі ерекшелігі мүйізі болушылық. Осыған қарап мүйізді жан-жануардың бәрін сиыр деп қарауға болмайды. Ұқсату заңы бойынша жаңа мағына туатын сөздер көбінесе айуанның, адамның, адамның дене мүшелерінің аттары. Ұқсату заңы дегеніміздің өзі шартты нәрсе. Ұқсату заңы жататын кейбір белгілі сипаттарына қарай орынды жерде ұқсату арқылы ғана жаңа мағынаға ие болады. Омоним сөздердің негізгі көпшілігі осы заң бойынша жасалады. Мысалы:

1. көк-аспан әлемі.
2. көк-шөптің жас кезіндегі аты.
3. көк-түс, сапа, сын атауы.
4. көк-капуста, қияр, сәбіз, сарымсақ-тағамдық өсімдік.
5. көк-төңкеріске дейінгі қазақ өмірінде саба, көнек, сүйретпе, торсық т.б. көп ыдыстар көгеріп, көк басатын, оны да көк дейтін. Осы кезде ол ыдыстар сирек кездесетіндіктен қолданудан шығып қалды. Олардың орнына күбі, шелек, шыны, эмаль ыдыстар

жұмсалады. Сөйтіп, қорыта айтқанда ұқсастық заңы бойынша көбінесе омоним сөздер жасалады.

Бөлшектің бүгінге ауысу заңы.

Бұл заң жоғарыда айтылған заңдардан мүлде басқаша. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырында «қол соңында барады» деген жолдар бар. Осындағы қол сөзі о баста адамның дене мүшесінің бір бөлшегінің аты болып, бөлшектің атауын бүтінге айналдырған. Осындағы қол деп бір адамды, яки аз ғана топты айтпай, көп болса ғана қол дейтін болған. Мысалы: «Қырық мың үйлі Қияттан,

Қырық мың әскер қол қалған», «Қол» дегенде бұл сөз көп әскер мағынасында қолданылады. Сөйтіп, қол деген алғашқы кезде дененің бір мүшесінің ғана аты болса, кейінгі кезде бүтінің атауына ауысып кеткен. Жоғарыдағы мысалдардан бір заттың бүтінге ауысу заңдылығын толық байқауға болады.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тараю заңы.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тараю заңы да сыртқы дыбысталуының өзгеруінсіз болады. Лексикада бір қатар сөздер мағынасының кеңеюі арқалы жаңа мағынаға ие болған. Мысалы: қатынас деген сөз Қазан төңкерісіне дейін өте сирек, тар мағынада қолданылған. Оның негізгі мағынасы барып қайту дегенді ғана білдірген. Төңкеріліске дейін осы күнгідей кең көлемде қатынас жасау жағдайы болмаған. Қазір қатынастың толып жатқан түрлері бар. Мысалы: әуе қатынасы, су қатынасы, жер қатынасы, радио қатынасы, телефон қатынасы, телевидения қатынасы. Сонымен бірге қатынас кеңес хабары жазылған арнаулы қағаз. Сондай-ақ, ерте кезде құрылыс деген сөз құру-құрылу деген етістіктер мағынасында ғана қолданылса, Қазан төңкерісінен кейін бұл сөздің мағынасы кеңейіп, құрылыс, құрылым дегендерді туғызды. Мағынаның таралып-мағынаның кеңеюіне қарама-қарсы құбылыс. Мағынаның тараюы адам ұғымның жалпылықтан жалқылыққа қарай бейімделуінен болады. Мысалы: көне түркі тілінде тон, торы, қол деген атаулар тым кең мағынада қолданылған. Мысалы: тон жалпы киім деген ұғымды білдіріп, сырт киім, іш киім бәрі де осы сөзбен қамтылатын болған. Ал, қазіргі кезде тон сөзінің мағынасы тарайып, киімнің бір түрінің ғана атауы болып қалған. Сондай-ақ сабан сөзі ертеректе егінге қажет құралдардың, оның күш-көлігін, қызметшісінің қосын түгел айтатын болған. Сөйтіп ол кезде кең мағынада қолданылса, бертінкеле плуг деген сөздің орнына жұмсалып, мағынасы тарайып кеткен. Міне осы сияқты

1)Анатомиялық атаулар мен туыстық қатынасты білдіретін атаулар: мысалы: қазақ, қырғыз, өзбек тіліндегі бел сөзі, монғол тілінде бэл түрінде кездеседі.

2)Еңбек құралдарының атаулары: қазақ, қарақалпақ, бұрғы түрінде кездессе, қырғыз тілінде бұрғу, монғол тілінде бурьчи түрінде ұшырасады.

3)Малға байланысты атаулар: қазақ тіліндегі бұра сөзі, қырғыз тілінде буура, монғол тілінде бугра түрінде кездеседі.

4)Кейбір түбір және туынды етістіктер қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз тілдерінде сұра етістігі, татар тілінде сора, монғол тілінде сура түрінде ұшырайды.

5)Сондай-ақ монғол және қазақ тілдеріндегі сөздердің дыбыстық үйлесімділігі төмендегідей болып келеді. Қазақ тілінде жә және жақ сөздері монғол тілінде заа және зах түрінде кездеседі.

Араб – парсы тілдерінен енген сөздер.

Қазақ тілі лексикасынан орын алып, қазақ халқы сөздігінің бір арнасы болған араб, парсы, иран тілдерінен қазақ тіліне сөз ену ертеден, сонау VIII-IX ғасыр шамасынан басталады. VIII ғасыр шамасында Арабтар Орта Азия және Қазақстан жерін басып алады. Басып алған жерлерінде дінді уаыздайды. Соған байланысты діни кітаптар пайда болады. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы, иран сөздерін мынадай топтарға бөлуге болады:

1.Оқу білім, ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер: Ғылым, ғалым, өнер, мәдениет, мәдени, кәмелет, хат, қалам, кітап, емтихан, емле, тарих, дәптер т.б.

2.Абстракт жалпылама атаулары: абырой, мейір, парыз, нәпсі, қадір, құрмет, пейіл, несіп, тағдыр т.б.

3.Адамды әр алуан жақтан білдіретін сөздер: бейбақ, пақыр.

4.Әлеуметтік жағдайға байланысты сөздер: әлеумет, мекеме, арыз, әдет т.б.

5.Дінге байланысты сөздер: тұмар, шариғат, зекет, муфти т.б.

6.Парсы-ирандық сөздер: дұшпан, дос, дүние, баға, пайда т.б.

7.Кісі атаулары: Жаппар, Ғабит, Сәбит, Райхан т.б.

8.Уақыт атаулары: дәуір, дәурен, заман, ғасыр, маусым.

9.Түрлі құбылыс атаулары: дүние, сағат, табиғат, сахара, мекен, мүлік.

Орыс тілінен енген сөздер.

Орыс тілінен енген сөздерді негізінен бес кезеңге бөліп

талай халықтармен мәдени-шаруашылық қарым-қатынастығы болғандығымен байланысты монғол, араб-парсы, орыс тілінен енген сөздер де қазақ тілі лексикасын құраған қат-қабаттар мен арналар болып табылады. Осы лексикасындағы қат-қабарлар мен арналардың бірі түркі тілдеріне ортақ сөздер.

Түркі тілдеріне ортақ сөздер.

Тіл – тілдегі сөздердің басқа бір тілдермен түбірлес болуы кездейсоқ құбылыс емес. Ол сөздердің ортақтығына мынадай екі түрлі жағдай себеп болады:

1.Тілдегі сөздердің басқа бір тіл мен түбірлес болуы олардың әуелден туыстас болуына байланысты.

2.Бірнеше халықтың сөздерінде, сөздік құрамында ортақ сөздердің болуы тоғысу жолымен жасалуында. Қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік қорына енетін байырғы және түркі тілдерінің әрқайсысына тән ортақ сөздердің негізгі түрлеріне мыналар: 1) мал шаруашылығына байланысты атаулар: қой, жылқы, ат, байтал т.б. 2) аң-құс атаулары: аю, қарға бүркіт, бұлбұл, түлкі, қоян, бөрі т.б.

3.Адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар: бас, аяқ, қол, көз, мұрын, ауыз, жақ, ерін, мойын, бел, тіл,тіс.

4.Табиғаттағы құбылысқа байланысты атаулар: тау, жер, су, өзен, көл, тас т.б.

5.Еңбек құралдары атаулары: пышақ, ара, бігіз т.б.

6.Егін шаруашылығына байланысты атаулар:бидай,арпа, тары т.б.

7.Адамның туыстық қатынасы байланысты атаулар: қыз, ата, шеше, аға, әйел, күйеу, бажа, жиен, бөле, құда т.б.

8.Тамаққа байланысты атаулар: ет, май, сүт, айран т.б.

9.Тұрмыс қажетіне байланысты атаулар: үй, киіз, кілем т.б.

10.Заттың сапасын, белгісін көрсететін сөздер: ақ, сары, қызыл, көк, қара т.б.

11.Есімдік сөздер: мен, сен, ол.

12.Сан есімдер: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Түркі – монғол тілдеріне ортақ сөздермен, монғол тілдерінен енген сөздер.

Түркі тілдері сияқты, монғол тілі де жаламалы тілдерге жатады. Түркі тілдері мен монғол тілдерінің ара қатынасы жақын екендігін тіл ғалымдары әлдеқашан дәлелдеген.

Түркі және монғол тілдеріне ортақ сөздердің түрлерін көрсеткенде, оларды төмендегіше топтарға бөлуге болады:

құбылыстарды сөз мағынасының тараюы мен кеңеюі деп айтады.

Тірек ұғымдар :

1. Сөздің функциональдық мағынасы – сөздің атқаратын қызметіне қарай айтылатын мағына.
2. Семантика – сөз мағынасының дамуы.
3. Семасиология – сөз мағынасы туралы ғылым.

Сөз мағынасының ауыспалы және келтірінді топтары.

Сабақ жоспары:

1. Сөздің метафоралық мағынасы.
2. Сөздің метонимиялық мағынасы.
3. Сөздің синекдохалық мағынасы.
4. Табу мен эвфемизм.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикологиясы» Алматы, «Рауан» 2000 ж.
2. Оразов М.«Қазақ тілінің семантикасы» Алматы,«Рауан»1998 ж
3. Айдаров Т. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» Екінші басылуы, Алматы, 1996 ж.
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы, 1997 ж.

Сұрақтар:

1. Сөз мағыналарының түрлерін аия ?
2. Табу дегеніміз не ?
3. Эвфемизм дегеніміз не ?

Сөз мағыналарының әр түрлі мағынада кездесуі тілімізде жиі

кездеседі. Сөз мағынасының ауысуы, өзгеруі сөздердің келтірінді мағынада қолданылуы нәтижесінде болады. Сөз мағынасының ауыспалы, келтірінді топтарына метафоралық мағына, метонимиялық мағына, синекдохалық мағына табу және эвфемизм жатады.

Метафоралық мағына.

Алдымен метафоралық сөз дегеніміз не? Соны анықтап алайық. Метафора грек тілінің *metaphora* (ауысу) деген сөзі

бойынша жасалған термин. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атауларымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады. Метафора тәсілі арқылы сөз мағынасының ауысуы белгіленетін заттардың тұлға, түс, қимыл ұқсастығының негізінде болады. Мысалы: есіктің тұтқасы дегенде есіктің қолға ұсталатын жері деген мағынаны білдіреді. Бұл оның тура мағынасы. Ал, « адам-өмір тұтқасы » дегенде тұтқа сөзі тірек деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз тұтқа сөзінің туынды, ауыспалы мағынасы екендігін айқындайды.

Сондай-ақ, өткір пышақ дегенде сөздің тура мағынасы ретінде қолданылған түрі. Ал өткір сөз, өткір көз, өткір жігіт дегенде өткір сөзі келтірінді және ауыспалы мағынада қолданылады. Метафора құбылысының сөздік мағынасынан орын тепкені және әбден үйреншікті болып кеткені соншалық метафора негізінде туған қосымша мағынаның көп жағдайда, келтірінді мағына екені бірден аңғарыла бермейді.

Метафораның негізінде туған келтірінді мағынаны әдетте сөздік туынды мағынасы ретінде туып, орнығып келеді. Мысалы: суға шомылу, ойға шолу дегенде және істің төркіні, мәселенің төркіні дегендегі төркін көзі мен қыздың төркіні дегенде төркін сөзін салыстырып қарасақ, қыздың төркіні дегенде қыздың ата-анасы, жақын туған-туыстары дегенді білдіреді де, ал, алдыңғы мысалдағы сөздер түк, негізгі, тегі, сыры, мәнісі дегендерді аңғартады. Сөйтіп, төркін сөзінің негізгі мағынасы мен іштей байланысты туған қосымша туынды мағына болып саналады. Метафора жайында ескеретін бір жағдай лингвистикалық ұғымда қолданылатын метафора бар да көркем әдебиетте қолданылатын метафора бар.

Тіл және әдебиеттегі метафоралардың айырмашылықтары мынадай: Тілдік метафора сол тілде сөйлейтін барлық адамдарға түсінікті және бәрі де қолданатын жалпы халыққа ортақ лексикалық мағына. Мысалы: сөз төркіні, сөз тегі, ойға шому дегенде лингвистикалық қолданылып тұр. Ал, көркем әдебиетте қолданылатын метафора жалпы халықтық тілде қолданылатын метафорадан көбінесе өзгешелеу болып келеді. Көркем әдебиеттегі метафора көбінесе образды бейнелеу, көркемдеу мақсатына ие болады. Мысалы: Күңгірт көңлім сырласар, сұрғылт жатқан бейуаққа деген шумақта күңгірт көңіл өздерінің бастапқы мағыналарынан айрылып, бейнелеу мағынасында беріліп тұр.

2. Монғол тілінен енген сөздер?
3. Араб тіліне тән сөздер?
4. Парсы тілінен енген сөздер?

Қазақ тілі лексикасының құрамы негізгі сөздік қор мен сөздік

құрамды белгілейді. Сөздік құрам тілдегі мыңдаған, сан алуан сөздерді қамтып, бірнеше саралардан және лексикалық қат-қабаттардан құралады. Сөздік құрамға негізгі сөздік қордағы байырғы сөздермен бірге туынды сөздердің, жаңадан пайда болған сөздердің басым көпшілігі кіреді. Сондай-ақ арнаулы терминдер, белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың түріне байланысты сөздер енеді. Бұдан басқа да қазақ лексикасында басқа тілдерден енген көптеген сөздер, яғни араб, парсы, иран, манғол, орыс тілінен енген сөздер де бар.

Негізгі сөздік қор.

Негізгі сөздік қорға қазақ тілінде ертеден өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер, кейін жасалған туынды сөздер жатады. Бұлар халық тілінде әбден қалыптасып, жалпыға түсінікті болады. Негізгі сөздік қор жаңа сөздердің жасалуына ұйытқы бола алады. Мысалы: етік-етікші, жұмыс-жұмысшы, күн-күндік. Тілде туынды жаңа сөздер негізгі сөздік қордағы сөздердің базасы ретінде түрлі тәсілдер арқылы жасалып отырады. Мысалы: ек, ол, ки, су, іс, көк деген түбір сөздер де егін, орақ, киім, қолтық, баста, өндірі деген туынды түбірлер де негізгі сөздік қорға жатады. Негізгі сөздік қорға жататын сөздердің сөз тудырушылық қабілеті бірдей емес. Мысалы: өсімдік, сан есім, сын есім, үстеу сөздерге қарағанда, зат есім мен етістік тобындағы сөздердің сөз жасам мүмкіншіліктері әлдеқайда басым. Тілдегі трактор, комбайн, электр, радио, агроном сияқты сөздер де қолданыла келіп, жалпы халықтық сипат алып, негізгі сөздік қорға енеді. Негізгі сөздік қор талай ғасырды басынан кешірген байырғы көне сөздер болады. Негізгі сөздік қор тілдегі сөздердің барлық жиынтығын қарайды дедік. Осы сөздерге және олардың шығу тігіне талдау жасайық.

Қазақ тілі лексикасының құрамын тарихи жақтан алып қарасақ, ертеден келе жатқан арна-қазақ тілінің байырғы төл сөздері.

Қазақ тілінің төл сөзі негізгі сөздік қорға енумен бірге шығу төркіні жағынан туыстас түркіш тілдеріне ортақ болып табылады. Онымен бірге қазақ халқының басынан кешірген ұзақ тарихында

6.Тілде бір эвфемизм, дисфемизм, каквфемизмдер басқа бір сөздермен, не сөз тіркестерімен келіп, синонимдер жасалады. Мысалы: Өлді деудің орнына жүріп кетті, дүниеден өтті, жан тәсілім қылды деген сыпайы эвфемизм түрі қолданылады.

7.Сөздің барлық мағыналық жақтан дамуы, қосымша жаңа мағынаға ие болуы нәтижесінде синоним сөздер жасалады. Мысалы: түбі - өсімдіктің түбі, адамның түбі.

Синонимдерді топтастыру.

Синоним сөздер өзара мәндес болумен қатар ол сөздер түрлі сөз таптарынан жасалады. Осы сөздерді төмендегіше топтастыруға болады:

1.Зат есімнен болған синонимдер: бет, өң, түр, түс, келбет, пішін, ажар, мүсін, көрік, кескін, әлпет, рең, дидар, шырай.

2.Сын есімнен болған синонимдер: салмақты, сабырлы, байыпты, байсалды, ұстамды

3.Етістіктен болған синонимдер: сауығу, жазылу, айығу: жолығу, кездесу, ұшырасу.

4.Есімдіктен болған синонимдер: барлық, барша, бүкіл, күллі, түгел, тамам т.б.

5.Үстеулерден болған синонимдер: таяуда, жуырда, жақында, жуықта.

Қазақ тілі лексикасының құрамы.

Сабақтың жоспары:

1. Қазақ тіліншің сөздік құрамы туралы түсінік.
2. Негізгі сөздік қор туралы.
3. Түркі тілдеріне ортақ сөздер туралы.

Әдебиеттер:

- 1.Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикасы» Алматы, «Рауан» 2000 ж.
- 2.Оразов М. «Қазақ тілінің семантикасы» Алматы, «Рауан» 1998 ж.
- 3.Айдаров Т. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» Екінші басылуы. Алматы, 1996 ж.
- 4.Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы, 1997 ж.

Сұрақтар:

1. Түркі тілдеріне ортақ сөздер қайсылар?

Сондықтан көркем әдебиетте метафора бейнелеуші тәсіл ретінде қызмет атқарады.

Метонимиялық мағына.

Метонимия грек тілінің metonymia (қайта атау) деген сөзі бойынша жасалған термин. Бірақ заттың не құбылыстың екінші бір затқа не құбылысқа өзара іргелестігі, шектестігі негізінде атауларының алмасуын, ауыспалы мағынада жұмсалуды метаномия деп атайды. Мысалы:

1.Ол үйдің баласы қаладан келіпті.

2.Үйі мәз боп қой сойды.

Сүйіншіге шапқанға. (Абай).

Сондай-ақ мына мысалды да алуға болады.

3.Мен бір кесе іштім.

Осы мысалдарға үй сөзі өзінің негізгі мағынаны білдіреді.

Ал, соңғы мысалдағы кесе сөзі өзінің негізгі мағынасы ыдыс емес, ішкілік, ас деген мағыналардың орнына қолданылып, ауыстырылып айтылып тұр. Қазақ тіліндегі жабу, шашу, жалау, көсеу, ою, бояу тәрізді зат есімдерді іс процесі мен қорытындысы іргелестігі, шектестігінің негізінде пайда болған деп кейбір ғылымдар бұл сөздерді метонимиялық бір түріне жатқызады. Мысалы: 1.Жалтырап сол уақытта жұлдыз шықты, Аспанға шашу шашып меруерттен, (С. Торайғыров). К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе», Алматы, 1965 ж. (162-бет).

1. «Көрмегенге көсеу таң» (мақал)

2. Жүрегім менің-қырық жамау,

Қиянатшыл дүниеден. (Абай).

Осындағы шашу, көсеу, жамау сөздері заттың мағынада қолданылып тұр. Сонымен бірге бұл сөздер етістік мағынасына да жұмсала береді.

Синекдохалық мағынасы.

Синекдоха атауларда алмастырып атаудың бір түрі болып саналады. Оның негізінде жапсырылыстық, іргелестік мағына күшті болады. Синекдоханың метонимиядан негізгі айырмашылығы аталатын заттардың сандық белгілеріне байланысты болады. Синекдоха деп бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқы, үлкеннің орнына кішіні қолданудың немесе керісінше қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуын айтады. Мысалы: қанша тұяғың бар? Дегенде мол деген бүтіннің орнына қолданылып тұр. Сондай-ақ «басың нешеу» дегенде бас сөзі де бөлшек ретінде, адамның дене

мүшесі ретінде адам деген бүтіннің орнына қолданылып тұр.

Әр түрлі заттың бір-біріне қатыстылығы негізінде бірінің мағынасы екіншісінің атауымен берілуін мына төмендегі сөз қолданысынан да байқауға болады. Сонымен қатар бүтіннің орнына бөлшек, жалпының орнына жалқы қолданылатын болса сөз мағынасы кеңейді. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы: бес жүз қой, жиырма бес қара тұяқ, ірі мал.

Табу – индонезия тілінен алынған термин, «тыйым салу» деген сөз. Діни ырымшылдыққа байланысты сөздерді бүркемелеп айту табу делінеді. Қазіргі қазақ тілінде табу сөздері діни ырымшылдықтың, қараңғылықтың жойылуына байланысты архаизмге айналды. Бұрынғы кезде табу сөздерін көп қолданған, әсіресе, қазақ әйелдері болды.

Мысалы: **«Өзеннен су алуға барған жас әйел қасқыр жарып кеткен қойды көреді. Ол үйіне келіп, шарифат бойынша ет кесуге болатын пышақты алып барып қойды бауыздайды. Бірақ оны үйіне әкелуге шамасы келмейді. Ол үйіне қайтып келіп, осы оқиға жөнінде қайын атасына қалай түсіндіретінін білмейді. Ақырында ойын былай жеткізеді:**

Салдырманың ар жағында, Сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен. Білемені жанамаға білеп-білеп бауыздап келдім дейді».

Бұл сөздерді табу сөздерінің талдануы мынадай:

1. Сылдырма – қамыс.
2. Сарқырама - өзен.
3. Ұлыма – қасқыр.
4. Маңырама – қой.
5. Білеме – пышақ.
6. Жанама – қайрақ.

Әйелдің бұлайша жұмбақтауының негізі себебі осы сөздердің

барлығы да сол ауыл адамдарының аттары болуға тиіс. Бұрын жыртқыш аңдардың да атын әйелдер атамаған.

Эвфемизм. (Астарлы сөздер).

Эвфемизм деп бір сөзді екінші бір сөзбен сыпайылап айтуды атайды. Бұл эвфемизмдерді тарихи тұрғыдан алып қарағанда, мұны да бір сөзді екінші бір сөзбен ауыстырып айту тәсілі басым. Эвфемизм дәрежі, жағымсыз сөздерді сыпайылап айтып, жанамалап өзгертіп қолданады. Мысалы: Қазан төңкерісіне дейін

5.Жалпы халықтық сөз бен диалектизм қатар келгенде, доминант синонимге әдеби тілге бейімі алынады. Мысалы: көйлек-жейде, мата-кездеме.

6.Жеке сөз бен тұрақты сөз тіркестері синоним болып қолданғанда, доминант сөзге көбінесе сөз алынады. Мысалы: лезде-көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында қас қанша.

Синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар бір-біріне белгілі бір стильге икемделіп, теліну жағынан ажыратылып, шектеледі. Бұны синонимдік шек дейді. Мысалы: қарт деген сөз бен кәрі деген сөздің мағынасы өзара мәндес синоним болғанмен, оның контекстегі қолданылуы, жұмсалуды шенбері бірдей емес. Қарт деген сөз адам, кісі сөздері мен тіркеседі де басқа сөздерге мүлде тіркеспейді. Кәрі деген сөз көптеген сөздерге тіркесіп қолданыла береді. Мысалы: кәрі адам, кәрі кісі, кәрі жылқы, кәрі қой т.б. Бірақ қарт жылқы, қарт қой деп тіркестіріп айтуға болмайды. Синоним сөздер плеонастикалық синтагма ретінде де қолданылады. Синонимдер контексте алдыңғысы соңғысын, соңғысы алдыңғысын айқындап, күшейте түсетін тіркестерді плеонастикалық синтагма дейді. Мысалы: Ежелгі, ескі досым. Айдын шалқар көл, құр бекер. Әуел баста, сәске тұс, орасан зор т.б. Қазіргі қазақ тіліндегі синоним сөздер мынадай жолдармен жасалады.

1.Синонимдер сөз тудыру тәсілдері аффикс арқылы жасалады, ол жұрнақтар мыналар:

- 1)-с, -ыс, -іс: жиналыс, мәжіліс, кеңес, отырыс.
- 2)-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: тапсырма, кеспе.
- 3)-ым, -ім, -м: бітім, келісім.
- 4)-у: демеу, медеу, сүйеу.
- 5)-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: жазалы, айыпты.

2.Кірме сөздер арқылы жасалады: Мысалы: сом-теңге, мұржа-труба, кеспек-бошка, ілгек-күрме, пішін-порым т.б.

3.Диалектизмдердің есебпен көбейді. Мысалы: Үлкен-нән, үйдік, кілт-ашар т.б.

4.Фразеологиялық тіркестердің жеке сөзбен синонимдес келуі арқылы жасалады. Мысалы: Қой аузынан шөп алмас – момын, жуас. Соқырға таяқ ұстанқандай, тайға таңба басқандай – ашық, айқын, анық тіл сөздерінің орнына қолданылады.

5.Байырғы төл сөз бен сөз тіркестері термин сөздермен мәндес келіп синоним сөздер жасалады. Мысалы: табиғат суреті – пейзаж, бейне – образ, жыр – эпос, сықақ – сатира т.б.

соң, оның жақсысы болуы мүмкін емес. Оксюморон грек сөзі (охоморон) болып екі сөздің мағыналары қарама-қарсы антоним сөздер.

7. Кері мағынада қолданылатын антоним сөздер:

Мысқылдау мақсатындағы сөзді әдейі кері мағынада қолданушылық кездеседі. Мысалы: қорқақ деудің орнына батыр деу, қара кісіні аппағым деу кері мағынада қолданылады.

8. Жалпы есімнің орнына жалқы есіммен немесе оны

керісінше атау тәсілі антономазия делінеді. Мысалы: сараң-Қарабай, мылжың-Мырқымбай.

9. Антонимдер антитезаның бір тәсілі ретінде де қолданылады. Мысалы: Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, Ұқсайды қала сұлу шомыланға (Абай). Нәрсені бір-біріне қарама-қарсы қою деген сөз.

Қазақ тіліндегі синонимдер.

Synonimon (қатар атау) деген сөзі бойынша жасалған термин. Мағынасы бір-біріне жуық өзара өте мәндес сөздерді синоним сөздер деп атайды. Синоним сөздердің бір-бірінен мағыналық жағынан айырмашылығы сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады. Өзара мәндес сөздердің топтары синонимдік қатар немесе синонимдік ұя делінеді. Синонимдік қатар болу үшін кемінде екі сөзден кем болмауы керек. Мысалы: ақ, шаңқан, сондай-ақ ел, халық, жұрт, халайық т.б. Синоним сөздер тірек сөз ретінде яғни доминант сөз ретінде де қолданылады. Мәндес сөздер тобының ішінен мағынасы жағынан айрықша көзге түсіп, сол топтағы сөздердің барлығына бірдей жалпылама мағынасын ашық, айқын аңғартатын сөз доминант сөз (тірек сөз) деп аталады. Мысалы: халық, ел, жұрт, әлеумет дегенде синонимдік ұяның халық дегені доминант синоним болады. Доминант синоним сөздердің мына сияқты өзіндік белгілері бар.

1. Доминант сөздердің мағынасы артық та емес, кем де емес дәл мөлшерде болады. Мысалы: ауру-сырқат, науқас-дерт т.б.

2. Доминант сөздер стильдік мәні бар бейтарап сөздер болады. Мысалы: ет-есім, ныспы т.б.

3. Доминант синонимдер басқа сөздерге арқау болады. Мысалы: ерлік-батырлық, қаһармандық, жауынгерлік т.б.

4. Неологизм мен көнерген сөздер қатар келгенде доминант синонимдер ол сөздерге тірек бола алады. Мысалы: оқушы-шәкірт, жауынгер сарбаз т.б.

эвфемизмге жататын мынадай сөздер болған. Шайтан деудің орнына – сарыбала. Шешек деудің орнына – дерт, өлім деудің орнына – қаза деп қолданған. Сонымен бірге кейде сөзді сыпайылық ретінде ауыстырып қолданатын жерлер де кездеседі. Мысалы: дөрекі сөз өтірік айтпа деудің орнына қоспай айтыңыз деп қолданады. Эвфемизм – гректің ephemas – жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алынған термин. Эвфемизм – бір затты не құбылысты, болмаса бір оқиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы, адамның көңіліне келмейтіндей жұқалап, жайдарымен, майдалап, іштей ренжіп тұрса да рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі.

Сөздердің лексикалық – семантикалық топтары.

Сабак жоспары:

1. Қазақ тіліндегі омоним сөздер.
2. Омонимнің түрлері.
3. Синонимдер.
4. Антонимдер.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикологиясы» Алматы, «Рауан» 2000 ж.
2. Оразов М. «Қазақ тілінің семантикасы» Алматы, «Рауан» 1998 ж.
3. Айдаров Т. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» екінші басылуы. Алматы, 1996 ж.
4. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы, 1997 ж.

Сұрақтар :

1. Омоним, синоним, антоним дегендердің мәнін түсіндір ?

Сөздердің лексикалық – семантикалық топтарына омонимдер, омофондар, синонимдер және антонимдер кіреді.

Омоним сөздер.

Омоним грек тілінің homos (біркелкі) деген мағынадағы сөзі мен опута (ат, атау) деген мағынаны білдіретін сөздерінен жасалған термин. Омоним деп – айтылуы, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары бір-бірінен мүлде басқа сөздерді омонимдер дейміз.

Тілімізде айтылуы бірдей, бірақ жазылуында айырма бар сөздер кездеседі. Оларды омофондар деп атайды. Мысалы: ащы-дәмі ащы; ашшы – жұмысшыға ас тасушы адам; ашшы – есікті аш деген сөздердің айтылуында ешқандай айырмашылық жоқ. Бірақ олардың жазылуы әр түрлі. Бұл сөздердің әрқайсысының жаңа сөз жасауда өздеріне тән ерекшеліктері бар, сондықтан олар омонимдер қатарына жатпайды. Жазылуы бірдей, бірақ әртүрлі айтылатын сөздерді омографтар немесе омограммалар дейді.

Антонимдер.

Антоним гректің *anti* (қарсы) және *опута* (ат, атау) деген сөздерінен жасалған термин. Антонимдер деп мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді атайды. Мысалы:

Жақсы – жаман

Ашық – жабық

Арзан – қымбат т.б.

Қарама-қарсы ұғымдар белгілі бір логикалық категориялардың ең шеткі екі мүшесі болып тадбылады. Олардың арасында үшінші бір аралық мүше болуы мүмкін. Мысалы: жақсы, шамалы, жаман. Қарама – қарсы ұғымдарды бірін-бірі жоғары шығарып қоймай затқа жаңа баға береді. Бірақ ғым логикалық болады да антонимдер тілдік категория ретінде сақталып қала береді. Антонимдік мағына қарама-қарсылық, сапалық ұғымдарды білдіретін сөздерге ғана тән категория. Мысалы: жұмсақ – қатты; қалың- жұқа дегенде әрі атауыштық, әрі сапалық қасиет бар. Сондықтан да антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі – сын есімдер. Мысалы: кәрі – жас, түзу – қисық, терең – таяз, оң – теріс, үлкен – кіші, ыстық – суық, тар – кең, араз – тату т.б. Ал, зат есімдерден антоним сөздер өте аз жасалады. Мысалы: пайда-зиян, бай-кедей, өтірік-шын, бақ-сор. Туынды зат есімдерден жасалатын антонимдердің де негізгі түбірі сапалық ұғымды білдіретін сөздер екені сезіледі. Мысалы: тарлық-кеңдік, аштық-тоқтық, жастық-кәрілік т.б. Үстеу сөздерден жасалған антонимдер санаулы ғана сөздер. Мысалы: ерте-кеш, бәрі-әрі, ілгері-кейін, жоғары-төмен. Сондай-ақ антонимдер қарама-қарсылық мәні жағынан бір-біріне тепе-тең болуы керек. Мысалы: тар-кең, алыс-жақын, ұзын-қысқа.

Антонимдердің полисемия құбылысымен шектесетіні болады. Оның контекстік мағынасы ауыспалы мағынада қолданылуы, экспрессивтік ситильдік мәнінен байланысты болады.

Қазақ тіліндегі антонимдерді классификация жасағанда профессор Ғ. Мұсабаев мынадай төрт топқа бөледі:

- 1) Антонимдердің бір сөйлем ішінде қолданылуы.
- 2) Іргелес сөйлемдерде қолданылуы.
- 3) Бірнеше антоним сөздердің бір сыңары одан кейін берілуі.
- 4) Антонимдерді аралас қолдану.

Бұлайша түрге бөлу, антоним сөздердің контекстік мағынасын

көрсетуге бағытталған.

Негізінен антонимдердің контекстегі тұлғалық және мағыналық ерекшеліктеріне қарап төмендегіше топтарға бөлуге болады:

1. Жалпылық мәнде болатын антонимдер. Мысалы:
ит

үрер жақсыға да, жаманға да.

Алыс пенен жақынды жортқан білер (мақал).

2. Тікелей қарама-қарсылық мәнде болатын антонимдер.

Мысалы: Енді еңбек бейнет емес, зейнет (мақал).

3. Альтернативті мәнде болатын антоним сөздер.

Мысалы: 1) Ендеше ер бол да ақтал, немесе илан да жазалады.

2) Сонда, ұйқы мен ояудың түспен өңнің арасында болатын қызық бір аралық хал еді (М. Әуезов).

4. Тұжырым, пікір мәнде болатын антонимдер.
Мысалы:

Еңбек түбі – зейнет. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, шабыспақ – оңай, табыспақ қиын.

5. Субъект-предикаттық қатынаста болып келетін контекстегі антоним сөздер. Мысалы: жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек, Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмес (Абай).

6. Көркем әдебиетте заттың, құбылыстың сыр-сипатын,

бейнелеп, айқындап көрсететін антоним сөздер. Мысалы: 1)Тірі өлім, тірі әруақ, құрғақ су, жақсы өлім.

2)Жайнаған – туың жығылмай,

Жасқанып жаудан тығылмай,

Жақсы өліпсің япырмай! (Абай).

Осындағы жақсы өліпсің – оксюморон сөз. Өйткені өлім болған